



№2(2)
29 қазан
2023 жыл

Майтөбе

Балалар мен жасөспірімдердің мектепшілік журналы

Жамбыл ауылы
2023

 **LIVEWORKSHEETS**

«Айырмашылықты тап»



Шығарушы және меншік иесі
“Зерде” клубы
Бас директор: Шайхасан Жандос
Бас редактор: Сағат Аружан
Бас редактордың орынбасары:
Абдрасил Нұртілеу
Бақтыбек Байбатыр
Безендіруші-дизайнер:
Анарқұл Аяла
Тұрғанбек Сания

Менеджер
Амангелді Жанерке
Корректор /түзетуші/
Қожахметова Ботагөз Бақытбекқызы
Телефондар:
87474206789
Жамбыл көшесі №59
/журнал айына 1 рет шығады/



... “Ұстаз –ұлагатты ұғым. Жүрекке жақын. Өз уақытын емес, өзгенің уақытын аялау” деген ойдың нақты айғағы сынды. Мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің бойындағы табиғи қабілетті жетілдірудегі үздіксіз еңбек нәтижесінің нақты көрінісі-ұстаз тағылымы. Шәкіртпен бірге аттаған ізденіс қадамы мен еселі еңбек болмысы. Жылма-жыл дарынды оқушы саны еселеніп, ұрпақ тәрбиесінің биіктеуі мектептің ұстаз қауымының жетістігі.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын. Жанарларыңыз әрдайым нұр шашып, жүздеріңіз күндей күлімдеп жүрсін! Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін. Сіздердің ең ізгі тілектеріңіздің орындалуын тілеймін. Сондай-ақ отбасыларыңызда әрқашан бейбітшілік, келісім, қуаныш пен жайлылық болсын.

Ермекбаева Жанна Өмірбекқызы
Мектеп директоры

Бірінші сынып оқимын,
Кәмшат апай ұстазым.
Көңіліме тоқимын,
Оның ақыл, нұсқауын.

Жақсы оқып бітірдім,
Мектепте даярлық сыныбын.
Биыл да үздік атанып,
Жақсы оқуға ұмтылдым.

1 «Г» сынып оқушысы Белтай Айзере

Республикам менің
Келіп жеткен мереке
Республика күні бұл
Бүгін мереке, бүгін той
Республика күні ғой
Біз бақытты баламыз

*4 «А» сынып оқушысы
Мәулен Кәусар*

Ұстаз
Ұстаз біздің әніміз
Мектептегі сәніміз
Құрметтейік ұстазды
Кел балалар бәріміз

Мынау бес күн жалғанда
Ұстаздай ұлы жан бар ма?
Тәлім беріп балаға
Барын беріп балаға
Жеткізер ұстаз арманға
Армандасаң достарым
Ұстаз болам деп арманда

*7 «Б» сынып оқушысы
Әбдірәсіл Нұрасыл*

Атам мен әжем
Құрметті де ізгілер,
Ата-әжем дер едім.
Алғыс хатты бер десе,
Сол жандарды тең дедім.
Айналайын ата-әжем,
Көңілі таза дер едім.
Мейірімді өздері,
Абзал жандарым менің дер едім.

*2 «Г» сынып оқушысы
Қырғызжан Бақкелсін*

Мен бақытты баламын
Республика күнін бұл,
Тойлап жүрген жыл сайын.
Мен бақытты баламын,
Азаттықта, жоқ уайым!

*4 «А» сынып оқушысы
Ахметбек Аяла*

Еккен егін көктемде,
Пісіп бәрі жеткен бе?
Ыстық жаздың күндері,
Басқа жаққа кеткен бе?

*4 «А» сынып оқушысы
Оралхан Айкүміс*

Сынып жетекшіме
Әр адамға құрметпенен караған,
Өз бойынан мол ізгілік тараған.
Талаппенен тәртіпті тек ту етіп
Айман апай сіздей қайда бар адам
Мейрам құтты болсын!

*7 "Б" сынып оқушысы
Әбдірәсіл Нұрасыл*

29 қазан 2023 жыл №2(2)

Атам менің үнемі,
Құлыным деп жүреді.
Әжем маған сенеді,
Ертегі айтып береді.
Қаншама рет қалам тартсам
қасымда,
Сіз тұрасыз жүрегімнің
басында.

8 «Ә» сынып оқушысы
Бақытбек Елдос

Ұлағатты ұстазым

Бастауыштан жетектеп
Ақылымен бөліскен
Анам секілді сырласып
Ойымды да түсініп
Түзу жолға сүйреген
Тәлім менен тәрбиесі
Ойымнан мүлде кетпеген
Ұстазым ақылшым, жаңашырым
Алғысым шексіз
Ұстазым менің ұстазым.

8 «Ә» сынып оқушысы
Қанас Сезім

Ата-әже

Атамнан мен бата алып,
Әжемнен мен үлгі алып,
Әулиедей ардақтап
Құрметтейміз бәріміз!

4 «Г» сынып оқушысы
Зейнолла Әлия

Ұстаз бізді білім беріп өсірген
Қатемізді әрқашанда кешірген
«Өмір жолы-қиын жол» деп
әрдайым
Тәрбиелеп, ақылды ғып өсірген.

8 «Ә» сынып оқушысы
Имангазы Інжу

Құттықтаймыз мейрамыңмен аталар!
Әр күлгенің бізге бақыт саналар.
Еңбегінді еш етпейтін өмірде
Елің жұртың ұл мен қызың бағалар
Ана мейір күн көзімен пара – пар.
Тұла бойға қуат болып таралар
Өміріме шуақ шашып әрқашан
Көп жасаңдар аталар мен аналар!

8 «Ә» сынып оқушысы
Жұмабай Мағжан

25 қазан – Республика күні

Құтты болсын Республика күніміз!
Әрдайым болсын бақытты еліміз,
Кең байтақ жерімізді аялап,
Жүрейік бақытты болып бәріміз.
Ей қазағым, тойлайық мерекені.
Бастайық домбыра мен күй шертуді,
Қобызбен домбыраны қолға алып,
Үйретейік балаға жыр айтуды.

5 «А» сынып оқушысы
Тұрсынхан Айлуна



Жүрегі жомарт жан

Бала- жүректің мирасы деп қарайтын балажан адамдардың бірі-менің апам. Оның аты-жөні Тажибаева Айсара Байжамбылқызы. Айсара апам 39 жыл ұстаздық еңбек етіп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, бүгінгі күні құрметті демалыста. Ол мен үшін ең қымбат жан. Сабағымды қадағалап, шығарып салады, қарындастарым Айша мен Мәриямға қарайлайды. Тәттілер алып беріп, серуендетіп, еркелетеді. Ол кісінің күнім, ботақаным, айналайын деген сөзін естіп, өсіп келеміз. Айсара апам мейірімді, біздің ақылшымыз, қамқоршымыз. Үлкенді сыйлауды, құрметтеуді үйретті. Үнемі: «Сабағыңды жақсы оқы. Оқыған адам ғана өз арман-мақсатына жете алады. Жалқау болма, еңбекшіл бол. Өтірік айтпа. Қиянат жасама, -дейді. Кейде қатал болғанымен, ол орынсыз ұрысатын адам емес. Мен апамның айтқанын орындауға, ренжітпей, қуантуға, менің тарапымнан қателік кетсе, түзелуге тырысамын. Айсара апамның қолынан көп нәрсе келеді. Оның сүйікті ісі: кітап оқу, гүл өсіру, неше түрлі бұйымдар жасау, дәмді тағамдар әзірлеу. Іс тіккенді де жақсы көреді. Қарындастарымның бұрымдарын түрлі-түрлі қылып өріп береді, иісін бұрқыратып дәмді тамақ әзірлейді. Көптеген ертегілер, аңыздар біледі. Кішкентай кезімде өзге әжелер сияқты мағанда ертегі айтып ұйықтататын.

Менің апам жақсы адам,

Артық көрем басқадан.

Жомарт онының жүрегі,

Бізді ойлап жүреді.

Жүрсін деймін ол аман

Айналайын жан апам.

Апамды жақсы көрем және ұзақ ғұмыр тілеймін.

2 «Ә» сынып оқушысы

LIVEWORKSHEETS



Менің әжем

Менің әжем ол әкемнің анасы, біздің отбасымыздың ұйытқысы. Әжем өмірімдегі ең маңызды жан. Мені кішкентайымнан бауырына басып бақты. Сабақтан бестік баға алып келсем, басымнан сипап, маңдайымнан сүйіп шын көңілімен қуанады. Сабақтан келгенде үнемі сабағымды тексеріп отырады. Әжем мені ботақаным, құлыншағым деп еркелетеді. Түнде ұйықтарда ертегі айтып, арқамнан сипалап отырады, ал мен болсам қалай ұйықтап қалғанымды білмей қаламын. Маған қажеттінің бәрін әжем екі етпей алып беріп отырады. Мен әжемді өте қатты жақсы көремін. Әжем әрдайым тәрбиеме өз үлесін қосып отырады, менің ақылды, тәрбиелі, білімді, иманды болып өскенімді қалайды. Әжемнің үмітін ақтауға тырысамын.

Айналайын әжетайым,
Ақылы асқан данасың
Немерең үшін қажеттің
Еш нәрседен аянбай
Бәрін алып бересің!

2 «Ә» сынып оқушысы
Қанат Диас

Ұстаз- ұлы тұлға

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!

Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған.

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар. - демекші, ұстаз деген сөздің өзінде қанша мағына жатыр. Ұстаз- әр оқушының екінші анасы десемде қателеспеймін деп ойлаймын. Өйткені менің де анам, ұстаз. Ол кісі үнемі сыныбына хабарласып, сыныбын уайымдап отырады. Сол себепті де осылай ойлаймын. Бесінші қазан "Ұстаздар мерекесімен" барша ұстаздарымды құттықтаймын! Мен 6 «А» сыныбында оқимын, маған 12 пәннен көптеген ұстаздар сабақ береді. Әр ұстаз өз сабағында барлық балаға көңіл бөліп, әр баланың ойларын тыңдап, өз ақылдарымен және білімдерімен бөліседі. Бізге білім беріп, білімді де тәрбиелі болуға жетелейді. Ерекше атап айтқым келетін ұстазым, тарих пәнінің мұғалімі Оңғарбаева Әзиза Байғалиқызы. Әзиза апай мен үшін ерекше жан. Өз сабағында менің сыныптастарымның қабақтарына қарап ұрыспай, еркелетіп алады. Апай сабақ түсіндіргенде ерекше бір сезімде боламын. Тарихи сәттерді, оқиғаларды баяндағанда өзімді бір ішінде жүргендей сезініп аламын. Осыншама кең мектепте , керемет ұстаздардан білім алып жатқанымға мақтанамын! «Ұстаз болу -жүректің батырлығы» дегендей, барлық адам ұстаз бола алмайды. Баланың жанын түсінетін, бар білгенін оқушыға бере алатын жандар ғана ұстаз болады деп білемін! Ұстаздарға мың алғыс!

*6 «А» сынып оқушысы
Дүйсенбек Санжар*

Ұстаз - ұлы тұлға

«Ұстаз» деген сөздің астында мыңдаған білім мен ғылым және махаббат жатқанын байқай бермейміз. Оқушыны тәрбиелеу оны биікке жетелеу тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер. Әрбір көзі ашық адам білімді болу үшін ең бірінші ұстазға жүгінеді. Ал ұстаздың міндеті дым білмейтін оқушыдан тұлға дайындау. Әр таңның атысы мен күнің батысы өзінің отбасы мен емес, біздің қамымыз үшін уайымдап жүретін әрбір ұстаз атаулы жандардың еңбегін ұлы демей не дейміз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан», - деп Абай хакім айтпақшы, әркімнің ісі жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы еңбегі барын есте сақтаңыз.

7 «Б» сынып оқушысы Боранбай Нұрай

ҰСТАЗЫМ

Ұстаз – біздің екінші анамыз. Біз ұстаздарды құрметтеп, айтқандарын тыңдауымыз керек. Менің ұстазым - Кәмшат апай. Мен өз ұстазымды қатты жақсы көремін. Кәмшат апай бізге сабақтарды өте күшті түсіндіреді, әріптерді үйретеді, бізді жақсылыққа тәрбиелейді. Барлық ұстаздар жақсы. Сондықтан ұстаздарымызды тыңдайық, сыйлайық.

Серікбекқызы Ақпейіл.
1 «Г» сынып оқушысы

МЕНИҢ ҰСТАЗЫМ

Менің ұстазым өте көрікті, ақылды адам. Біз ол кісіні сыйлаймыз, құрметтейміз. Оқушылардың түсінбеген тұстарын айтып көмектеседі. Ұстаз өзінің шәкіртіне барлық білгендерін айтып, оны өзінің білгендеріне баулиды. Ұстаз өзінің шәкірттеріне ешқашан жамандық тілемейді. Ол әрдайым барлық оқушыларды алға тартады. Біздің ұстаз сабақты қызықты өткізеді. Біз өз ұстазымызды жақсы көреміз. Оған деген алғысымыз шексіз.

Әділбек Аяулым
6 «Ә» сынып оқушысы

Менің ұстазым ардақты кісі. Мен өз ұстазымды толықтай мақтан тұта аламын. Себебі әрбір ұстаз бізге білімін нәрін беріп, керек кезде қол ұшын созуға дайын. Яғни менің ұстазым мен қиналған уақытта, не болмаса жеңіске жеткен кездерім де жанымнан табыла білген жан. Сол себепті мен өз ұстазымды үлгі тұрарлықтай кісі деп айта аламын.

Дәуірбек Назерке
7 «А» сынып оқушысы



Менің атам

Менің атам - Өмірбек Ермекбайұлы 1930 жылы 21 қазанда Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында дүниеге келген.

Өмірбек атам қаз тұрып, қадам басқаннан – ақ темір-терсектің тілін ұғып, төрт дөңгелекті шыр айналдырған жүргізуші болған. Атам үйдің үлкені болған. Техникум бітірген дипломы бола тұра ауылдарды аралап, астық тасып, шабындықтарды шарлап шөп тиеп, алыстағы мал жайылымдарындағы шопан үйлерін көшіріп – қондыру жұмыстарын атқарған. Қимылы да шапшаң, мінезі де ұшқыр Өмірбек атам үлкен де, кіші де жанына үйірсектеп, сыйлаушы еді.

Өмірбек атам бауырмал, зерек те зерделі болуы табиғаттың бір сыйы болар. Газет-журналдарға жазылып, күнделікті үзбей оқып отыратын, теледидардан жаңалықтарды жібермей біліп отыратын. Бүкіл ауданға емес Республикаға танымал болған ол кісі өте сыйлы, үлгі тұтарлық азамат болған. Өзінен кіші інісі мен қарындастарына қамқор болған, жанашыр болған.

Апам - Маруся екеуі зәулім бәйтеректей жапырағын жайды. «Алтын жұлдызды» алқа етіп таққан Батыр Ана Маруся апам екеуі 12 бала, 30 немере, 29 шөбере көрді. Атамның әр баласы өз мамандығын тапқан, жұмысына ұқыпты жауапкершілікпен қарайтын адам болып шықты.

Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері, ардагер ақсақал атанған Өмірбек атам бүкіл ұрпағына сая бола білді. Өз ортасын табындырып жүретін еңбектің нағыз торысы атам – жетпіс үш жасында шашының бір талы ағармастан жарық дүниемен қош айтысты. Атамның суретіне қарап отырып ойлаймын: « әлі де қасымызда болса керемет болар еді» - деп...

8 «Б» сынып оқушысы Өмірбек Алина



Атам қазақ айтқан екен "Өлі разы болмай, тірі байымайды" деп. Бүгін біздің айтпағымыз - өмір жолы, Жамбыл ауылы үшін атқарған еңбегі, көрген қиыншылықтары мен бейнеті тарих қатпарында қалып бара жатқан аяулы Ана, асыл Әже – Қорғанбаева Кәден Бәйтiмбетқызы туралы болмақ. Үлкен әжеміз Кәден өткен ғасырдың басында, яғни 1902 жылы дүниеге келіп, бойжете келе бұрынғы Ерназар қазіргі Жамбыл ауылының тұрғыны Қорғанбай бабамыздың үлкен ұлы Халықпен тұрмыс құрады. Тағдырына жазылғаны шығар, жалындаған жастықшағы Кеңес үкіметінің орнауы мен және елдегі алғашқы колхоздастыру науқанымен тұспа -тұс келсе, қалған жылдарда қазақты қынадай қырған ашаршылықты көріп, аяусыз жүргізілген қуғын- сүргін саясатының салдарын елмен бірге басынан өткеруге мәжбүр болады. Ұлы Отан соғысы басталып, ауылдағы ер-азамат түгел майданға аттанғанда Кәден әже басқа да ауылдастарымен қатар жүріп, майдан үшін аянбай тер төгеді. Соғыс жылдарында ол кісі Жамбыл ауылдық партия комитетінде парторг қызметін атқарады, кейіннен бригадир болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шығады. Зейнет жасында бола тұра ауылдың балабақшасында күзетші болып жұмыс атқарады. Ел үшін күш-қайратын аямаған, Жамбыл ауылының көркеюіне үлкен үлес қосқан Кәден әжемізге жыр алыбы Жамбыл бабамыздың «Кәденжан, қайдан келдің күндей болып» деп басталатын жыр шумақтарын арнағанын ақынның әдеби хатшысы Ғали Орманов өз естелігінде жазып кеткен екен.

Қорғанбаева Кәден Бәйтiмбетқызы бар саналы ғұмырын адал еңбекпен өткізіп, жалғыз ұлы Дәукенді өсіріп, оқытып, жақсы азамат етіп тәрбиеледі. Ұлынан туған үш немересін қызғыштай қорғап, бар шапағат мейірімін төкті. 1978 жылы 5 сәуірде Кәден әжеміз 76 жасында бала -шаға, немере, ағайын туыстың ортасынан алыстап, бақилық өмірге аттанып кете барады.

Бүгінде сол зұлмат жылдарды көрген, апамыздың көзін көрген замандастары қалмады десе де болады, Кәден әжеміздің Жамбыл ауылына сіңірген еңбегі зор болғандықтан, артында қалған ұрпақтарының мақсаты өмірде осындай адам өткені туралы айтып, аз болса да мағлұмат беру, ұрпақ санасына ой салу және өткенге тағзым ету болып табылады.



Төлеген Әбдісағиұлы Қодамқұлов Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында 1946 жылы сәуір айының 29-жұлдызында дүниеге келген. Ол физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, бірнеше Халықаралық Ғылым Академияларының толық мүшесі. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, "Алматы облысының Құрметті азаматы". КазГУ-ді және Ленинградтағы А.Ф.Иоффе атындағы физика-техника институтының аспирантурасын бітірген. Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры болған.

2001 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры. Петр Капица атындағы (Ресей), Наполеонның жарлығымен құрылған Ассоциацияның (Франция, Париж) Алтын медальдарымен, Ахмет Байтұрсынов атындағы және басқа да медальдармен марапатталған. Елбасының қолынан "Парасат" орденін алған. Сондай-ақ ол классикалық күрестен спорт шебері, "Қазақстанның Құрметті спорт қайраткері", күйсандықтың барлық түрінде ойнай білетін музыкант, әуесқой сазгер, бірнеше әндер мен күйлердің туындыгері, баянда, домбыра мен аккордеонда он саусағы жорғалаған виртуоз өнерпаз...

7 «А» сынып оқушысы Өмірбек Жамилия



1- қазан қарттар күнін атап өту туралы іс шара жоспарына сәйкес 7«Г» сынып оқушылары ауылымыздың тұрғыны, ардагер ұстаз Әуезова Зеберкүл апайды құттықтап қайтты. Зеберкүл апай оқушыларға өзінің қызыққа толы еңбек жолы туралы естеліктерімен бөлісті. Оқушыларға ризашылығын білдіріп, жақсы оқып, еліміздің ұлтжанды азаматтары болуына тілек білдірді.
Сынып жетекшісі: Абдибаева Б.Ж.

Адалдық

Адалдыққа біздің мектептегі адал дүкенді айтуға болады. Адал дүкен оқушыларды ұрлық жасамауға, шыншылдыққа бөлейді. Адал дүкенде оқушыларға керекті заттың бәрі бар. Ол мектептің ішінде орналасқандықтан сыртқа шығудың қажеті жоқ. Адал дүкенде оқушыға керек құрал-жабдықтардың бағасы да жазылған. Тек алдындағы қорапшаға алған заттың ақшасын салса болды. Сіздер де мектептегі адал дүкеннен керек құралдарңызды алсаңыздар болады.

6 «Ә» сынып оқушысы Еркін Алина

Республика күні

Республика күні біздің азаттығымыздың бастамасы. Біздің ұлттық мерекеміз. Бұл күнді барша қазақ халқы армандаған. 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақстан өз тәуелсіздігі жайлы декларация қабылдады. Сол күннен бастап Қазақстан жеке мемлекет болып қалыптаса бастады. Өзінің жеке тілі, діні, азаматтығы мен территориясы бар дербес мемлекетке айналды. Республика күні барша қазақ мерекесі. Қазақстан жаңа өркениетке аяқ басқан күн. Осы күнді армандаған ата-бабаларымыздың азаттық таңы атты. Қазіргі таңда Қазақстан өзіндік туы, елтаңбасы және әнұраны бар біртұтас ел. Әлем картасынан жаңа мемлекет ретінде өз орнын алды. Қазір Қазақстан өркендеп, дамып келе жатқан жас мемлекет. Менің түсінгенім Республика күні біз үшін өте қымбат та қадірлі. Себебі бұл күн тәуелсіздік бастауы. Себебі бұл күн біздің жаңа бастамаға, жаңа таңға аяқ басуымыз деп түсінемін. Бұл күн біздің үлкен жетістігіміз.

7 «Г» сынып оқушысы Хайрола Кәусар

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей Отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады. Сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Отбасы - табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятты, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдинеттілігін тәрбиелеуге отбасы алғашқы қадам. Сондықтан да отбасындағы әр адам бөлекше тұлға. Біз әрдайым сыйластықпен және бауырмашылдықпен бірге қиындықты жеңеміз.

**8 «А» сынып оқушысы
Құрманәлі Ақұлпа**

Жол жүру ережелері

Жол қауіпсіздік ережелерін бәріміз де, сақтауымыз да керек. Ол ең алдымен өзіміздің қауіпсіздігіміз үшін. Жаяу жүргіншілер де, көлік жүргізушісі де, ережеге сай жүруі шарт. Балаларды кішкентай күнінен бастап жол қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету керек. Жолдан бағдаршамның тек жасыл шамы жанғанда ғана өтуге болады. Бағдаршам жоқ болған жағдайда жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өту керек. Бірақ соның өзінде абай болып ең алдымен жолға шықпас бұрын сол жағымызға қарап, машинаның жоқ екеніне немесе тоқтағанына көз жеткізіп қана өтуге болады. Осы нұсқауларды естен шығармағанымыз абзал. Әрдайым жолда сақ жүрейік...

8 «Ә» сынып оқушысы Оралбай Әмина

Күз молшылық айы

Күзіміз неткен көңілді! Күз мезгілі қандай тамаша?! Күз дегеніміз байлық, молшылық. Құс біткен тізіліп ұшып барады. Күзде күн суытып, барлық жан-жануарлар, барлық жәндіктер қысқы ұйқыға кетеді. Егін жиналады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Сонымен қатар бұл мезгілді «Алтын күз» деп те айтамыз. Өйткені жер беті сарғайған жапырақтарды жамылып, алтын түске боялатыны белгілі. Күздің сұлулығына көзің тоймайды.

6 «Ә» сынып оқушысы Әділбек Аяулым

Алтын күз

Алтын күз келді. Жапырақтар сарғайып жерге түсіп жатыр. Жерге сары кілем төсеп қойғандай жұп-жұмсақ болып тұр. Күз мезгілінде бидай, тары, күріш, арпа, дақылдары піседі. Маған күз мезгілі ұнайды. Айнала қандай тамаша десеңізші?! Ағаштардың сары, қызыл, қоңыр жапырақтары күздің айырықша белгісі. Тіпті егіншілер де астықтарын жинап алып, қыстың қамына кірісіп кетті. Осы бір табиғаттың тылсым күшіне таң қаласың. Сары жапырақ, қоңыр салқын ауа-райы жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жел күзге тән қасиет. Неткен ғажап көрініс. Менің жанымға жақын осы күз мезгілі. Қандай адамға қарасақ та ойларында күздің сарыны байқалады. Табиғат адамға осылайда әсер етеді екен-ау. Күз молшылықтың, байлықтың, берекенің мезгілі болып табылады. Айналама зер салып қарасам, табиғаттың өзі алтын.

7 «Ә» сынып оқушысы Әділбек Жансұлу